

"Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы" Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 01-4 шешімі. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 ақпанда № 1259 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 1-22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 21.12.2023 № 1-22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласын Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 23 наурыздағы № 6 Жарлығына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімі ШЕШТІ:

1. "Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы" Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1193 болып тіркелген, 2018 жылғы 24 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. "Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;
- 3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Көлгінов

Нұр-Сұлтан әкімінің
2020 жылғы 6 ақпандағы
№ 01-4 шешіміне қосымша

"Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы" Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне енгізілетін өзгерістер және толықтырулар

1. Шешімнің 1-тармағындағы "Астана" деген сөз "Нұр-Сұлтан" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Жоғарыда көрсетілген шешімге 1-қосымшада:

№ 5 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Б. Майлин көшесінен Қ. Сәтбаев көшесінің тақ сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Майлин көшесі бойынша № 14 үйді, Қ. Сәтбаев көшесі бойынша № 19, 19/1, 21, 23, 23/1, 23/2, 25, 29/1 үйлерді, Б. Момышұлы даңғылы бойынша № 17, 17/2, 19, 19/1, 19/2 үйлерді қоса алғанда";

№ 6 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қ. Сәтбаев көшесі, № 17, 17/1, 17/2 үйлер, Б. Майлин көшесі, № 7, 8, 9, 11/1, 13 үйлер, Тәуелсіздік даңғылы, № 34/1 үй, Б. Момышұлы даңғылы, № 7, 9, 11, 13а, 13/1, 13/2, 13/3, 15а, 15/2, 15/3 үйлер";

№ 25 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Абылай хан даңғылынан Ғ. Мұстафин көшесінің жұп сандар жағынан Қобыланды батыр көшесіне дейін, Қобыланды батыр көшесінің жұп сандар жағынан Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің тақ сандар жағынан Абылай хан даңғылына дейін, Абылай хан даңғылының тақ сандар жағынан Қобыланды батыр көшесі, 7, 7а, 7б, 7в, 7г, 7д, 7е үйлерді қоса алғанда Ғ. Мұстафин көшесіне дейін";

№ 28 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бәйшешек, Көкарал, Көкжелек, Б. Серікбаев көшелеріндегі және Промышленный, Оңтүстік-Шығыс тұрғын алаптарындағы үйлер, Қобда көшесінен М. Төлебаев көшесі бойынша Айнакөл көшесіне дейін, Айнакөл көшесі бойынша Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесі бойынша М. Шоқай көшесіне дейін, М. Шоқай көшесінің тақ сандар жағынан Көкжелек көшесіне дейін, Көкжелек көшесінің тақ сандар жағынан М. Төлебаев көшесіне дейін";

№ 29 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шалкөде көшесі бойындағы № 1, 2, 2/1, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 9а, 10 үйлер, Қарасу көшесі бойынша үйлер, М. Шоқай, Г. Марков, Г. Игишев, Бастөбе көшелерінің жұп сандар жағын, Промышленный тұрғын алабындағы Жігер орамын, А. Байтұрсынов көшесі бойынша № 46/1,53, 53/1 үйлерді қоса алғанда";

№ 30 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"А. Байтұрсынов көшесінен Құлагер көшесі бойынша Б. Серікбаев көшесіне дейін, Б. Серікбаев көшесінің тақ сандар жағынан Бәйшешек көшесіне дейін, Бәйшешек көшесінің жұп сандар жағынан Шалкөде көшесіне дейін, Шалкөде көшесінің жұп сандар жағынан Көкжелек көшесіне дейін, Көкжелек көшесінің тақ сандар жағынан М. Төлебаев көшесіне дейін, М. Төлебаев көшесінің тақ сандар жағынан Қобда көшесіне дейін, Қобда көшесінің жұп сандар жағынан Абылай хан даңғылына дейін, Абылай хан даңғылының жұп сандар жағынан А-431 көшеге дейін, А-431 көшеден А. Байтұрсынов көшесіне дейін, А. Байтұрсынов көшесінің тақ сандар жағынан Құлагер көшесіне дейін";

№ 39 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Айнакөл көшесінен М. Төлебаев көшесінің жұп сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағынан Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің жұп сандар жағынан Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің жұп сандар жағынан М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының жұп сандар жағынан Айнакөл көшесіне дейін, Айнакөл көшесінің тақ сандар жағынан М. Төлебаев көшесіне дейін";

№ 43 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Б. Момышұлы даңғылынан Қордай көшесінің тақ сандар жағынан Обаған көшесіне дейін, Обаған көшесінің тақ сандар жағынан Көкпар орамына дейін, Көкпар орамының жұп сандар жағынан Талғар көшесіне дейін, Талғар көшесінің жұп сандар жағынан Аманат көшесіне дейін, Аманат көшесінің тақ сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағынан Қордай көшесіне дейін";

№ 49 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ертіс көшесінен Ш. Құдайбердіұлы даңғылының жұп сандар жағынан Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағынан Қобыланды батыр көшесіне дейін, Қобыланды батыр көшесінің жұп сандар жағынан Қобда орамына дейін, Қобда орамының тақ сандар жағынан М. Төлебаев көшесіне дейін, М.Төлебаев көшесінің тақ сандар жағынан Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы жұп сандар жағынан Абылай хан даңғылына дейін, Абылайхан даңғылының жұп сандар жағынан Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің жұп сандар жағынан Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін"

;

№ 50 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қобыланды батыр көшесінен Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағынан Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін, Ш. Құдайбердіұлы даңғылының тақ сандар жағынан Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің жұп сандар жағынан Қобыланды батыр көшесіне дейін, Қобыланды батыр көшесінің жұп сандар жағынан Р. Қошқарбаев даңғылына дейін";

№ 52 сайлау учаскесінде:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Тәуелсіздік даңғылы, № 54" деген сөздер мен сандар "№ 72 мектеп-лицей, Ж. Нәжімеденов көшесі, № 10/5" деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын;

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Р. Қошқарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылының тақ сандар жағынан Ж. Нәжімеденов көшесіне дейін, Ж. Нәжімеденов көшесінің тақ сандар жағынан Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін, Ш. Қалдаяқов көшесінің тақ сандар жағынан Есіл өзенінің арнасына дейін, Есіл өзені арнасының жағалауымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағынан Тәуелсіздік даңғылына дейін";

№ 57 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тәуелсіздік даңғылынан Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағынан С. Нұрмағамбетов көшесіне дейін, С. Нұрмағамбетов көшесінен А. Байтұрсынов көшесіне дейін, А. Байтұрсынов көшесінің тақ сандар жағынан Тәуелсіздік даңғылына дейін, Тәуелсіздік даңғылының жұп сандар жағынан Р. Қошқарбаев даңғылына дейін";

№ 60 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Есіл өзенінің жағалауынан Ш. Қалдаяқов көшесінің жұп сандар жағынан А-62 көшеге дейін, А-62 көшенің жұп сандар жағынан Есіл өзенінің жағалауына дейін, Есіл өзені жағалауының бойымен Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін";

№ 61 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"М. Жұмабаев даңғылынан Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағынан Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің тақ сандар жағынан № 23-30 көшеге дейін, № 23-30 көшеден М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының жұп сандар жағынан Р. Қошқарбаев даңғылына дейін";

мынадай мазмұндағы № 307, 308, 309, 310, 311, 312 сайлау учаскелерімен толықтырылсын:

"№ 307 сайлау учаскесі:

(орталығы – № 86 мектеп-гимназия, А-98 көше, № 20 үй)

М. Жұмабаев даңғылынан А. Байтұрсынов көшесінің жұп сандар жағынан А-86 көшеге дейін, А-86 көшенің бойымен Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін, Ш. Қалдаяқов көшесінің тақ сандар жағынан М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының жұп сандар жағынан А. Байтұрсынов көшесіне дейін.

№ 308 сайлау учаскесі:

(орталығы – № 72 мектеп-лицей, Ж. Нәжімеденов көшесі, № 10/5)

Тәуелсіздік даңғылынан Ж. Нәжімеденов көшесінің жұп сандар жағынан Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін, Ш. Қалдаяқов көшесінің тақ сандар жағынан Тәуелсіздік даңғылына дейін, Тәуелсіздік даңғылының тақ сандар жағынан Ж. Нәжімеденов көшесіне дейін.

№ 309 сайлау учаскесі:

(орталығы – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Тәуелсіздік даңғылы, № 54)

Тәуелсіздік даңғылынан А. Байтұрсынов көшесінің жұп сандар жағынан С. Нұрмағамбетов көшесіне дейін, С. Нұрмағамбетов көшесі бойымен Ж. Нәжімеденов көшесіне дейін, Ж. Нәжімеденов көшесінің тақ сандар жағынан Тәуелсіздік даңғылына дейін, Тәуелсіздік даңғылының жұп сандар жағынан А. Байтұрсынов көшесіне дейін.

№ 310 сайлау учаскесі:

(орталығы – № 73 мектеп-лицей, № 191 көше, № 2 үй)

Тәуелсіздік даңғылынан Ж. Нәжімеденов көшесінің жұп сандар жағынан С. Нұрмағамбетов көшесіне дейін, С. Нұрмағамбетов көшесі бойымен Ш. Қалдаяқов көшесіне дейін, Ш. Қалдаяқов көшесінің тақ сандар жағынан Тәуелсіздік даңғылына дейін, Тәуелсіздік даңғылының жұп сандар жағынан Ж. Нәжімеденов көшесіне дейін.

№ 311 сайлау учаскесі:

(орталығы – № 86 мектеп-гимназия, А-98 көше, № 20 үй)

М. Жұмабаев даңғылынан № 23-30 көше бойынша Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің тақ сандар жағынан А. Байтұрсынов көшесіне дейін, А. Байтұрсынов көшесінің тақ сандар жағынан М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының жұп сандар жағынан № 23-30 көшеге дейін.

№ 312 сайлау учаскесі:

(орталығы – № 2 Ақмола облыстық ауруханасы, Манас көшесі, № 22)

Манас көшесі, № 22".

3. Жоғарыда көрсетілген шешімге 2-қосымшада:

№ 70 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ш. Иманбаева көшесінен А. Бараев көшесінің тақ сандар жағынан Республика даңғылына дейін, Республика даңғылының жұп сандар жағынан Рамазан көшесіне дейін, Рамазан көшесінің жұп сандар жағынан Ш. Иманбаева көшесіне дейін, Ш. Иманбаева көшесінің тақ сандар жағынан, Республика даңғылы бойындағы № 4, 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 6, 6/1, 6/2 үйлерді қоспағанда, А. Бараев көшесіне дейін".

№ 73 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Асан қайғы көшесінен Ж. Тархан көшесінің жұп сандар жағынан Ш. Иманбаева көшесіне дейін, Ш. Иманбаева көшесінің жұп сандар жағынан А. Бараев көшесіне дейін, А. Бараев көшесінің тақ сандар жағынан Асан қайғы көшесіне дейін, Асан қайғы көшесінің тақ сандар жағынан Ж. Тархан көшесіне дейін";

№ 74 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасында:

"14/1" деген сандардан кейін ", 16" сандармен толықтырылсын;

8/3" деген сандардан кейін ", 8/4" сандармен толықтырылсын;

№ 75 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ж. Тәшенов көшесі, № 3, 7, 7/1, 7/2, 7/3, 9, 9/2, 9/3, 9/4, 11/1, 11/2 үйлер, Ж. Тәшенов орамы, № 1, 2, 3, 3а, 3/2, 3/3, 4, 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 6, 6/1, 7, 9 үйлер, А. Бараев көшесі, № 4, 4/1, 4а, 4б, 4в, 4г үйлер";

№ 77 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ж. Тәшенов көшесі, № 6, 8, 8/1, 8а, 8/3, 10, 10/1, 10/2, 12, 12/1, 12/2, 13, 13/1, 13/2, 13/3, 14, 15, 16, 16а, 18, 18/1, 18/2, 18/3, 20, 22, 22а үйлер, Таха Хусейн көшесі, № 1, 3, 3/1, 5, 5/1, 7, 9, 11, 13, 13/1, 13/2, 15, 15/1, 15/2, 15/3, 15/4, 15а, 17а, 17б, 17в үйлер, А. Кравцов көшесі, № 6, 6/7, 6/7а үйлер";

№ 81 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ш. Уәлиханов көшесінен Абай даңғылының жұп сандар жағынан Ә. Сембинов көшесіне дейін, Ә. Сембинов көшесінің тақ сандар жағынан Кенесары көшесіне дейін, Кенесары көшесінің тақ сандар жағынан Ш. Уәлиханов көшесіне дейін, Ш. Уәлиханов көшесінің жұп сандар жағынан Абай даңғылына дейін";

№ 82 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ш. Уәлиханов көшесінен Кенесары көшесінің тақ сандар жағынан Ә. Сембинов көшесіне дейін, Ә. Сембинов көшесінің тақ сандар жағынан А. Иманов көшесіне дейін, А. Иманов көшесінің тақ сандар жағынан Асан қайғы көшесіне дейін, Асан қайғы көшесінің тақ сандар жағынан Ж. Тархан көшесіне дейін, Ж. Тархан көшесінің тақ сандар жағынан Ш. Уәлиханов көшесіне дейін, Ш. Уәлиханов көшесінің жұп сандар жағынан Кенесары көшесіне дейін";

№ 84 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ж. Тархан көшесінен Асан қайғы көшесінің жұп сандар жағынан А. Иманов көшесіне дейін, А. Иманов көшесінің жұп сандар жағынан "Егемен Қазақстан" газеті көшесіне дейін, "Егемен Қазақстан" газеті көшесінің жұп сандар жағынан Кенесары көшесіне дейін, Кенесары көшесінің жұп сандар жағынан Б. Бейсекбаев көшесіне дейін, Б. Бейсекбаев көшесінің тақ сандар жағынан Ж. Тархан көшесіне дейін, Ж. Тархан көшесінің тақ сандар жағынан Асан қайғы көшесіне дейін";

№ 86 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"А. Пушкин көшесінен А. Кравцов көшесінің тақ сандар жағынан Асан қайғы көшесіне дейін, Асан қайғы көшесінің жұп сандар жағынан Ж. Тархан көшесіне дейін, Ж. Тархан көшесінің жұп сандар жағынан А. Пушкин көшесіне дейін, А. Пушкин көшесінің тақ сандар жағынан А. Кравцов көшесіне дейін";

№ 87 сайлау учаскесінде:

"№ 5 гимназия, Ж. Тархан көшесі, № 16" деген сөздер мен сандар "№ 87 мектеп-гимназия, Е. Брусиловский және А. Иманов көшелерінің қиылысы" деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын;

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Б. Бейсекбаев көшесінен Кенесары көшесінің жұп сандар жағынан Е. Брусиловский көшесіне дейін, Е. Брусиловский көшесінің тақ сандар жағынан Ж. Тархан көшесіне дейін, Ж. Тархан көшесінің тақ сандар жағынан Б. Бейсекбаев көшесіне дейін, Б. Бейсекбаев көшесінің жұп сандар жағынан Кенесары көшесіне дейін";

№ 88 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Е. Брусиловский көшесінен А. Иманов көшесінің жұп сандар жағынан А. Янушкевич көшесіне дейін, А. Янушкевич көшесінің тақ сандар жағынан Ж. Тархан көшесіне дейін, Ж. Тархан көшесінің тақ сандар жағынан Е. Брусиловский көшесіне дейін, Е. Брусиловский көшесінің жұп сандар жағынан, А. Пушкин көшесіндегі № 2, 2/1, 4, 6, 6/1 үйлерді қоса алғанда, А. Иманов көшесіне дейін";

№ 89 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"А. Иманов көшесінен А. Янушкевич көшесінің жұп сандар жағынан Кенесары көшесіне дейін, Кенесары көшесінің жұп сандар жағынан А. Пушкин көшесіне дейін, А. Пушкин көшесінің тақ сандар жағынан А. Иманов көшесіне дейін, А. Иманов көшесінің тақ сандар жағынан, А. Пушкин көшесі бойындағы № 15, 15а, 15б үйлерді және Абай даңғылы бойындағы № 96, 96а, 98 үйлерді қоса алғанда, А. Янушкевич көшесіне дейін";

№ 90 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Е. Брусиловский көшесінен Кенесары көшесінің жұп сандар жағынан А. Янушкевич көшесіне дейін, А. Янушкевич көшесінің тақ сандар жағынан А. Иманов көшесіне дейін, А. Иманов көшесінің тақ сандар жағынан Е. Брусиловский көшесіне дейін, Е. Брусиловский көшесінің жұп сандар жағынан Кенесары көшесіне дейін";

№ 91 сайлау учаскесінде:

"Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Астана су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Абай даңғылы, № 103" деген сөздер мен сандар "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалы, "Байқоңыр" ауданының № 5 бөлімі, Абай даңғылы, № 80)" деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын;

№ 92 сайлау учаскесінде:

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалы, "Байқоңыр" ауданының № 5 бөлімі, Абай даңғылы, № 80)" деген сөздер мен сандар "Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "Астана су арнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Абай даңғылы, № 103" деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын;

№ 94 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алаш тасжолынан Жетіген көшесінің жұп сандар жағынан Ж. Досмұхамедұлы көшесіне дейін, Ж. Досмұхамедұлы көшесінің тақ сандар жағынан, Ж. Досмұхамедұлы көшесі бойындағы № 4, 6, 8 үйлерді қоса алғанда, теміржолға дейін, теміржол бойымен, Қоянды кентінің саяжай алаптарын қоса алғанда, Алаш тасжолына дейін";

4. Жоғарыда көрсетілген шешімге 3-қосымшада:

№ 104 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қабанбай батыр даңғылынан Есіл өзенінің арнасымен Тұран даңғылына дейін, Тұран даңғылының жұп сандар жағынан Е526 көшеге дейін, Е526 көшенің бойымен Е525 көшеге дейін, Е525 көшенің бойымен Қабанбай батыр даңғылына дейін, Қабанбай батыр даңғылының тақ сандар жағынан Есіл өзенінің арнасына дейін";

№ 106 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана жұлдызы" монументінен Қабанбай батыр даңғылының тақ сандар жағынан Объездная № 229 көшеге дейін, Объездная № 229 көшенің тақ сандар жағынан Қарқаралы тас жолына дейін, Қарқаралы тас жолының жұп сандар жағынан, "Астана жұлдызы" монументіне дейін";

№ 107 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сығанақ көшесінен Мәңгілік Ел даңғылының тақ сандар жағынан Алматы көшесіне дейін, Алматы көшесінің тақ сандар жағынан Алматы көшесі бойынша № 11 үйге дейін, Алматы көшесі бойынша № 11 үйден өтпе жолмен Сығанақ көшесі бойынша № 18/1 үйге дейін, Сығанақ көшесі бойынша № 18/1 үйден өтпе жолмен Түркістан көшесіне дейін, Түркістан көшесінің жұп сандар жағынан Сығанақ көшесіне дейін, Сығанақ көшесінің жұп сандар жағынан Мәңгілік Ел даңғылына дейін";

№ 108 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауран көшесінен Алматы көшесінің жұп сандар жағынан Түркістан көшесіне дейін, Түркістан көшесінің тақ сандар жағынан Керей, Жәнібек хандар көшесіне дейін, Керей, Жәнібек хандар көшесінің тақ сандар жағынан Сауран көшесіне дейін, Сауран көшесінің жұп сандар жағынан Алматы көшесіне дейін";

№ 109 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәңгілік Ел даңғылынан Бұқар жырау көшесінің жұп сандар жағынан № 38 көшеге дейін, № 38 көшенің тақ сандар жағынан № 23 көшенің өтпе жолына дейін, № 23 көшенің өтпе жолының жұп сандар жағынан Ә. Бөкейхан көшесіне

дейін, Ә. Бөкейхан көшесінің жұп сандар жағынан Ә. Бөкейхан көшесі бойынша № 8 үйге дейін, Ә. Бөкейхан көшесі бойынша № 8 үйден өтпе жолымен Мәңгілік Ел даңғылына дейін, Мәңгілік Ел даңғылының жұп сандар жағынан Бұқар жырау көшесіне дейін";

№ 110 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сарайшық көшесінен Қабанбай батыр даңғылының жұп сандар жағынан " Нұржол" желекжолына дейін, "Нұржол" желекжолының бойымен Ақмешіт көшесіне дейін, Ақмешіт көшесінің тақ сандар жағынан Достық көшесіне дейін, Достық көшесінің тақ сандар жағынан Түркістан көшесіне дейін, Түркістан көшесінің тақ сандар жағынан Сарайшық көшесі бойынша № 36 үйге дейін, Сарайшық көшесі бойынша № 36 үйден өтпе жолмен Мәңгілік Ел даңғылына дейін, Мәңгілік Ел даңғылымен Сарайшық көшесіне дейін, Сарайшық көшесінің жұп сандар жағынан Қабанбай батыр даңғылына дейін";

№ 111 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауран көшесінен Сығанақ көшесінің тақ сандар жағынан Түркістан көшесіне дейін, Түркістан көшесінің тақ сандар жағынан Достық көшесіне дейін, Достық көшесінің жұп сандар жағынан Ақмешіт көшесіне дейін, Ақмешіт көшесінің тақ сандар жағынан "Нұржол" желекжолына дейін, "Нұржол" желекжолымен Достық көшесі бойынша № 1 үйге дейін, Достық көшесі бойынша № 1 үйден өтпе жолмен Достық көшесіне дейін, Достық көшесінің жұп сандар жағынан Сауран көшесіне дейін, Сауран көшесінің жұп сандар жағынан Сығанақ көшесіне дейін";

№ 112 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Д. Қонаев көшесінен Тұран даңғылының жұп сандар жағынан Сығанақ және Алматы көшелері арасындағы өтпе жолға дейін, Сығанақ және Алматы көшелері арасындағы өтпе жол бойымен Қабанбай батыр даңғылына дейін, Қабанбай батыр даңғылының тақ сандар жағынан Сығанақ көшесіне дейін, Сығанақ көшесінің тақ сандар жағынан Сауран көшесіне дейін, Сауран көшесінің тақ сандар жағынан Достық көшесіне дейін, Достық көшесінің жұп сандар жағынан Достық көшесі бойынша № 1 үйге дейін, өтпе жолмен "Нұржол" желекжолына дейін, "Нұржол" желекжолымен Қабанбай батыр даңғылына дейін, Қабанбай батыр даңғылының тақ сандар жағынан Д. Қонаев көшесіне дейін, Д. Қонаев көшесінің жұп сандар жағынан Тұран даңғылына дейін";

№ 113 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сығанақ көшесінен Түркістан көшесінің жұп сандар жағынан Сарайшық көшесі бойынша № 36 үйге дейін, Сарайшық көшесі бойынша № 36 үйден өтпе жолы бойымен Мәңгілік Ел даңғылына дейін, Мәңгілік Ел даңғылының жұп сандар жағынан Сарайшық көшесіне дейін, Сарайшық көшесінің жұп сандар жағынан Есіл өзенінің арнасына дейін, Есіл өзенінің арнасымен Сығанақ көшесіне дейін, Сығанақ көшесінің тақ сандар жағынан Түркістан көшесіне дейін";

№ 114 сайлау учаскесінде:

"№ 71 мектеп-лицей, № 200 көше, № 4" деген сөздер мен сандар "№ 71 мектеп-лицей, I. Омаров көшесі, № 4" деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын;

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"E312 көшеден I. Омаров көшесінің тақ сандар жағынан E10 көшеге дейін, E10 көшенің тақ сандар жағынан Ш. Айтматов көшесіне дейін, Ш. Айтматов көшесінің жұп сандар жағынан E312 көшеге дейін, E312 көшенің жұп сандар жағынан I. Омаров көшесіне дейін";

№ 115 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Д. Қонаев көшесінен Тұран даңғылының тақ сандар жағынан E10 көшеге дейін, E10 көшенің тақ сандар жағынан E30 көшеге дейін, E30 көшенің тақ сандар жағынан E13 көшеге дейін, E13 көшенің бойымен E29 көшеге дейін, E29 көшенің бойымен E10 көшеге дейін, E10 көшенің жұп сандар жағынан I. Омаров көшесіне дейін, I. Омаров көшесінің жұп сандар жағынан E312 көшеге дейін, E312 көшенің жұп сандар жағынан E30 көшеге дейін, E30 көшенің жұп сандар жағынан Д. Қонаев көшесіне дейін, Д. Қонаев көшесінен Тұран даңғылына дейін";

№ 116 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақтамберді жырау көшесінен Айғыржал көшесінің жұп сандар жағынан Қожаберген жырау көшесіне дейін, Қожаберген жырау көшесінің тақ сандар жағынан Махамбет көшесіне дейін, Махамбет көшесінің жұп сандар жағынан Басықара батыр көшесіне дейін, Басықара батыр көшесінің тақ сандар жағынан Исатай батыр көшесіне дейін, Исатай батыр көшесінің жұп сандар жағынан Оспан батыр көшесіне дейін, Оспан батыр көшесінің тақ сандар жағынан Доспамбет жырау көшесіне дейін, Доспамбет жырау көшесінің жұп сандар жағынан Үмбетей жырау көшесіне дейін, Үмбетей жырау көшесінің тақ сандар жағынан Ақтамберді жырау көшесіне дейін, Ақтамберді жырау көшесінің тақ сандар жағынан Айғыржал көшесіне дейін";

№ 117 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Есіл өзені арнасынан Е182 көшенің тақ сандар жағынан Қорғалжын тас жолына дейін, Қорғалжын тас жолының жұп сандар жағынан Исатай батыр көшесіне дейін, Исатай батыр көшесінің жұп сандар жағынан Үмбетей жырау көшесіне дейін, Үмбетей жырау көшесінің жұп сандар жағынан Ақтамберді жырау көшесіне дейін, Ақтамберді жырау көшесінің жұп сандар жағынан Айғыржал көшесіне дейін, Айғыржал көшесінің тақ сандар жағынан Қожаберген жырау көшесіне дейін, Қожаберген жырау көшесінің жұп сандар жағынан Махамбет көшесіне дейін, Махамбет көшесінің тақ сандар жағынан Басықара батыр көшесіне дейін, Басықара батыр көшесінің жұп сандар жағынан Исатай батыр көшесіне дейін, Исатай батыр көшесінің тақ сандар жағынан Оспан батыр көшесіне дейін, Оспан батыр көшесінің жұп сандар жағынан Доспамбет жырау көшесіне дейін, Доспамбет жырау көшесінің жұп сандар жағынан "Есіл" ауданы аумағының шекарасына дейін, "Есіл" ауданы аумағының шекарасымен Есіл өзенінің арнасына дейін, Есіл өзенінің арнасымен Е182 көшеге дейін";

№ 118 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауран көшесі бойынша № 3/1 үйден Қабанбай батыр даңғылына дейін, Қабанбай батыр даңғылының жұп сандар жағынан Қабанбай батыр даңғылы бойынша № 42 үйге дейін, Қабанбай батыр даңғылы бойынша № 42 үйден өтпе жолмен Сауран көшесіне дейін, Сауран көшесінің тақ сандар жағынан Сауран көшесі бойынша № 3/1 үйге дейін";

№ 119 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауран көшесінен Алматы көшесінің тақ сандар жағынан Қабанбай батыр даңғылына дейін, Қабанбай батыр даңғылының жұп сандар жағынан Сығанақ және Алматы көшелері арасындағы өтпе жолға дейін, Сығанақ және Алматы көшелері арасындағы өтпе жолмен Сауран көшесіне дейін, Сауран көшесінің тақ сандар жағынан Алматы көшесіне дейін";

№ 120 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сығанақ көшесінен Түркістан көшесінің тақ сандар жағынан Түркістан көшесі бойынша № 2 үйге дейін, Түркістан көшесі бойынша № 2 үйден өтпе жолмен Түркістан көшесі бойынша № 2/1 үйге дейін, Түркістан көшесі бойынша № 2/1 үйден өтпе жолмен Алматы көшесіне дейін, Алматы көшесінің тақ сандар жағынан Сауран көшесіне дейін, Сауран көшесінің жұп сандар жағынан Сығанақ көшесіне дейін, Сығанақ көшесінің жұп сандар жағынан Түркістан көшесіне дейін";

№ 123 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәңгілік Ел даңғылынан Бұқар жырау көшесінің жұп сандар жағынан Қ. Қайсенов көшесіне дейін, Қ. Қайсенов көшесінің тақ сандар жағынан Ұлы Дала даңғылына дейін, Ұлы Дала даңғылының тақ сандар жағынан Мәңгілік Ел даңғылына дейін, Мәңгілік Ел даңғылының жұп сандар жағынан Бұқар жырау көшесіне дейін";

№ 125 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қорғалжын тас жолынан Тұран даңғылының тақ сандар жағынан Е526 көшеге дейін, Е526 көшеден Е525 көшеге дейін, Е525 көшеден Қабанбай батыр даңғылына дейін, Қабанбай батыр даңғылының тақ сандар жағынан Д. Қонаев көшесіне дейін, Д. Қонаев көшесінің тақ сандар жағынан Қарашаш ана көшесіне дейін, Қарашаш ана көшесінің жұп сандар жағынан ақын Сара көшесіне дейін, ақын Сара көшесінің тақ сандар жағынан Домалақ ана көшесіне дейін, Домалақ ана көшесінің жұп сандар жағынан Қорғалжын тас жолына дейін, Қорғалжын тас жолының тақ сандар жағынан Тұран даңғылына дейін";

№ 127 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ш. Айтматов көшесінен Қорғалжын тас жолының тақ сандар жағынан Е489 көшеге дейін, Е489 көшенің тақ сандар жағынан Қ. Мұхамедханов көшесіне дейін, Қ. Мұхамедханов көшесінің тақ сандар жағынан Е30 көшеге дейін, Е30 көшенің тақ сандар жағынан Е312 көшеге дейін, Е312 көшенің тақ сандар жағынан Ш. Айтматов көшесіне дейін, Ш. Айтматов көшесінің тақ сандар жағынан Е10 көшеге дейін, Е10 көшенің тақ сандар жағынан Е25 көшеге дейін, Е25 көшеден Қ. Мұхамедханов көшесіне дейін, Қ. Мұхамедханов көшесінің жұп сандар жағынан Ш. Айтматов көшесіне дейін, Ш. Айтматов көшесінің жұп сандар жағынан Қорғалжын тас жолына дейін";

№ 128 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұран даңғылынан Е10 көшенің жұп сандар жағынан Е30 көшеге дейін, Е30 көшенің жұп сандар жағынан Е13 көшеге дейін, Е13 көшесінен Ф. Оңғарсынова көшесіне дейін, Ф. Оңғарсынова көшесінің жұп сандар жағынан Ұлы Дала даңғылына дейін, Ұлы Дала даңғылының тақ сандар жағынан Тұран даңғылына дейін, Тұран даңғылының тақ сандар жағынан Е10 көшеге дейін";

№ 129 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ф. Оңғарсынова көшесінен Е11 көшесінің жұп сандар жағынан Ш. Айтматов көшесіне дейін, Ш. Айтматов көшесінің жұп сандар жағынан Ұлы Дала даңғылына дейін, Ұлы Дала даңғылының тақ сандар жағынан Ф. Оңғарсынова

көшесіне дейін, Ф. Оңғарсынова көшесінің жұп сандар жағынан Е10 көшесіне дейін";

№ 131 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақмешіт көшесінен Керей, Жәнібек хандар көшесінің жұп сандар жағынан Түркістан көшесіне дейін, Түркістан көшесінің жұп сандар жағынан Алматы көшесіне дейін, Алматы көшесінің жұп сандар жағынан Мәңгілік Ел даңғылына дейін, Мәңгілік Ел даңғылының тақ сандар жағынан Орынбор көшесіне дейін, Орынбор көшесінің тақ сандар жағынан Орынбор көшесі бойынша № 1 үйге дейін, Орынбор көшесі бойынша № 1 үйден өтпе жолмен Ақмешіт көшесі бойынша № 11 үйге дейін, Ақмешіт көшесі бойынша № 11 үйден өтпе жолмен Ақмешіт көшесіне дейін, Ақмешіт көшесінің жұп сандар жағынан Керей, Жәнібек хандар көшесіне дейін";

№ 132 сайлау учаскесінде:

шекараның сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

